СЕЙСЕНБІ
№103 (4497)
17.09.2024
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМЫТУҒА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Германияның Федералдық Канцлері Олаф Шольцті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

ҚАЗАҚ-ГЕРМАН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ӨРКЕНДЕТУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Президенті мен Германия Федералдық Канцлері бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц шағын құрамда келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысы шақыруын қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін Олаф Шольцке ризашылығын білдірді.

– Германия Үкіметінің басшысы соңғы 14 жылда елімізге алғаш рет сапармен келіп отыр. Сондықтан бұл қадамыңыздың тарихи мәні зор. Екіжақты ынтымақтастықты дамытуға және тауар айналымының көлемін ұлғайтуға тың серпін береміз деп сенемін. Германия – біздің Еуропадағы, тіпті жаһандағы негізгі серіктесіміз. Бұл – өте маңызды. Біз қарқынды дамып келе жатқан көпқырлы ықпалдастығымызға баса мән береміз. Өзара байланыстарымызды одан әрі терендетуге және нығайтуға барлық жағдайды жасаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

СӘТ ТОҚПАҚБАЕВҚА «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ

«Ақорда» резиденциясында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-полковник, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс салаларының ардагері Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаевты «Халық қаһарманы» атағымен, сондай-ақ айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордендерімен марапаттау рәсімі өтті.

Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, Сәт Тоқпақбаевты қалың жұртшылық құрметтейтінін, оның еңбек жолы ел өмірімен тығыз байланысты болғанын айтты.

– Сіз қастерлі Отанымызға адал қызмет еттіңіз. Енді ғана тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болған жылдары аса жауапты міндеттерді атқаруға білек сыбана кірісіп кеттіңіз. Еліміздің тыныштығы мен тұтастығын сақтау үшін орасан зор үлес қостыңыз. Шын мәнінде, мұны нағыз ерлік деп бағалауға болады. Қазір де қоғамға пайдалы істерді атқарып жүргеніңізді біз жақсы білеміз. Еліміздің лайықты азаматысыз, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Сәт Тоқпақбаев мемлекетіміздің қауіпсіздігі және еліміздің тыныштығы жолындағы еңбегін бағалағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Әділетті Қазақстан құру ісіндегі зор еңбегіңізді және сүйікті Отанымызды халыққа жайлы елге айналдыру мақсатында жүзеге асырып жатқан саясатыңызды толығымен қолдаймын. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы жолында Сізбен әрдайым біргемін! Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын! Отанымызда тыныштық, бірлік, ауызбіршілік әрдайым салтанат құрсын, – деді Сәт Тоқпақбаев.

Салтанатты жиынға Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебай, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев қатысты.

НАРЫҚ

«НАУРЫЗҒА» ЕЛ РИЗА МА?

Қолданыстағы «Отау» ипотекалық бағдарламасына қоса, «Наурыз» деген қастерлі атауы бар жаңа тұрғын үй бағдарламасының іске қосылатынын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың биылғы отырысында жариялаған. Жаңа бағдарламаның міндеті ауыл және аудан орталығының тұрғындарын баспанамен қамту болмақ. Бүгінде қос бағдарлама қатар жұмыс істейді және халық арасында танымал. Дегенмен «Отау» аясында арзан ипотека беру шарттары өзгертіліп отыр.

«НАУРЫЗБЕН» ЕЛ ӨМІРІ ЖАҢАРАДЫ

Әз-Наурызда табиғат пен тұтас тіршілік түлеп, жаңаратыны сияқты «Наурыз» бағдарламасы арқылы баспанаға қол жеткізген отбасылардың жаңа өмірі басталып, жарқын болашаққа жолы ашылса керек. Мұның сыртында, баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш екені белгілі.

– Биылғы 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отау» ипотекалық бағдарламасы ел ішінде үлкен сұранысқа ие. Бұған қоса, ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Онда әлеуметтік осал топтар үшін несие 7%-дан аспауы қажет, – деді Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың III отырысында.

(Жалғасы 6-бетте)

«AMANAT» ПАРТИЯСЫ: ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫН САЛУДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 200-ден астам белсенді әйел «AMANAT» партиясы Әйелдер қанаты Tomiris әйелдер саяси көшбасшылығы жобасы аясында ұйымдастырылған оқу курстарына қатысты. Бүгін Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов олармен кездесу өткізді. Іс-шара барысында Қазақстанда атом электр стансасын салу бойынша 6 қазанда өтетін референдум мен Президент Жолдауының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАЙТА ОРАЛҒАН БАТЫРЛАР

→ 5

БАЙҚОҢЫР БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

→ 7

АҚОРДА

17 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМЫТУҒА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Германия Канцлері Олаф Шольц қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, қазақ-герман қарым-қатынастарын өркендетудің маңызды екенін жеткізді.

– Еліңізге сапармен келуге шақырғаныңызға, екіжақты байланыстарды талқылауға және ынтымақтастығымызды ілгерілетуге мүмкіндік жасағаныңызға ризашылығымды білдіремін. Менімен бірге іскер топтардың белді өкілдері келді, – деді Федералдық Канцлер.

Әңгімелесу барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайту мәселесі талқыланды. Атап айтқанда, энергетика, «жасыл» трансформация, өнеркәсіп, тау-кен өндірісі, көлік-логистика, климаттың өзгеруі, экология, ауыл шаруашылығы және білім беру салаларындағы ықпалдастыққа айрықша мән берілді.

Кездесуде Олаф Шольцтің өтінішімен Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жағдайды реттеуге байланысты пікірін жеткізді.

– Әскери тұрғыда Ресейдің жеңілмейтіні анық. Соғыс бұдан әрі өрши берсе, барша адамзатқа, ең алдымен, Ресей-Украина қақтығысына тікелей қатысы бар мемлекеттерге салдары өте ауыр тиеді. Өкінішке қарай, Ыстанбұл келісімін бекітуден бас тартып, татуласуға қол жеткізетін оңтайлы мүмкіндікті уыстан шығарып алды. Дегенмен бейбітшілік орнатуға әлі де мүмкіндік бар. Түрлі мемлекеттің барлық бейбіт бастамаларын мұқият қарап, әскери іс-қимылдарды тоқтату туралы келісімге келу керек. Содан кейін территориялық мәселелерді талқылаған жөн. Біздіңше, Қытай мен Бразилияның бейбітшілік жоспары қолдауға тұрарлық. Мемлекеттер басшылары келеді, кетеді. Ал халық, әсіресе көршілес халықтар бейбіт әрі бір-бірімен түсінісіп өмір сүруі керек. Қазақстанның Ресеймен дүниежүзі бойынша құрлықтағы ең ұзын шегенделген шекарасы бар. Біздің елдеріміз арасындағы ынтымақтастық стратегиялық серіктестік пен одақтастық аясында дамып келеді. Қазақстандықтар украин халқы мен оның төл мәдениетіне шынайы құрметпен қарайды. Қазақстан мен Украина арасында ешқандай келіспеушілік болған емес. Киевте Елшілігіміз әлі де жұмыс істеп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Германия Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі және экономикамызға инвестиция салған жетекші елдердің санатына кіреді.

– Былтыр екіжақты тауар айналымы 1,5 еседей өсіп, 4 миллиард долларға жуықтады. Биыл да оң динамика байқалып отыр. Соңғы жеті айда өзара сауда-саттық көлемі 2,3 миллиард доллардан асты. 2005 жылдан бері Германиядан шамамен 6,7 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тартылды. Бұл қаржының 90 пайызы шикізаттық емес секторға тиесілі екені қуантады. Бүгінде Қазақстанда неміс капиталының үлесі бар мыңнан астам компания жұмыс істейді,– деді Президент.

Өз кезегінде Германияның Федералдық Канцлері қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екіжақты байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

– Сіздің еліңізге тікелей инвестиция салу және сауда айналымының көлемін арттыру үшін экономикалық байланыстарымызды жақсартуға барлық жағдайды жасаймыз. Әрине, экономикалық ынтымақтастықты барлық салада дамытқымыз келеді. Энергетика саласындағы серіктестігіміз дәйекті түрде алға жылжып келе жатқанына дән ризамыз. Екі ел арасында сенімді әрі жүйелі ынтымақтастық орнаған. Бұл – бүкіл әлемге жақсы үлгі.

ЕКІЖАҚТЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ ӨСІП КЕЛЕДІ

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Президент Канцлердің елімізге жасаған алғашқы ресми сапарының мәні зор екенін атап өтіп, бүгінгі кездесу Қазақстан мен Германияның көпқырлы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

– Біз жаңа ғана шағын құрамда екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайту мәселесін талқыладық. Сауда-экономика, инвестиция салаларындағы ықпалдастықты тереңдетуге ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек, өзекті халықаралық мәселелер туралы сөз қозғадық. Атап айтқанда, қазіргі геосаяси ахуалға, жаһандық қауіпсіздікке және аймақтық дамуға, климаттың өзгеруіне қатысты пікір алмастық. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастық мәселесін қарастырдық. Екіжақты қарым-қатынастар стратегиялық серіктестік рухында дамып келеді. Бүгінгі келіссөздер оның аясын кеңейте түсуге ықпал ететініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ біздің алдымызда тұрған халықаралық сын-қатерлер төңірегінде жан-жақты пікір алмасқанымызға қуаныштымыз, – деді Олаф Шольц.

Тараптар өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға, әсіресе, энергетика, «жасыл» трансформация, тау-кен өнеркәсібі, көлік-логистика, климатты қорғау, экология және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты күшейтуге мүдделі екенін растады. Сондай-ақ қазақ-герман мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайту перспективасы қарастырылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Федералдық Канцлер Олаф Шольц Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы Бірлескен декларация қабылдады.

Сонымен қатар ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Дойче Бундесбанк арасындағы Орталық банктер ынтымақтастығының техникалық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Сыртқы істер министрлігі арасындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті жанынан Қазақстан-Неміс ғылым және технологиялар институтын құру жөніндегі ниет туралы меморандум;

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен «Возрождение» қазақстандық немістер бірлестігі» қоғамдық қоры және Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Сыртқы істер министрлігі арасындағы қазақ-неміс мектебін құру ниеті туралы меморандум.

ІСКЕРЛІК ОРТА ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев немістің іскерлік орта өкілдерімен кездесті. Мемлекет басшысының пікірінше, Германияның жетекші компанияларының Қазақстанға келуі екі елдің де экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін көрсетеді.

Президент бизнесмендерге олардың компаниялары инновацияның алдыңғы шебінде келе жатқанын әрі жаһандық тұрақты даму үдерісінде негізгі рөл атқаратынын айтты.

Сонымен қатар Германия Канцлерінің сапары аясында қол қойылған келісімдер мен бірлескен бастамалар Астана мен Берлин арасындағы ұзақмерзімді стратегиялық серіктестікті нығайта түсетініне сенім білдірді.

Бизнес өкілдерінің алдында Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Олаф Шольц те сөз сөйледі.

Кездесуге Siemens Energy AG компаниясының басқарма төрағасы, Германия экономикасы Шығыс комитеті төрағасының орынбасары Кристиан Брух, CLAAS Group компаниясының басқарма төрағасы Ян-Хендрик Мор, DB E.C.O. Group компаниясының атқарушы кеңесінің төрағасы, Германия экономикасы Шығыс комитетінің Орталық Азия жөніндегі жұмыс тобының өкілі Нико Варбанофф, SVEVIND Energy GmbH компаниясының президенті, Қазақстанның Саксониядағы құрметті консулы Вольфганг Кропп, Aurubis AG компаниясының басқарма төрағасы Торальф Хааг, Siemens Healthineers AG компаниясының басқарма төрағасы Берндт Монтаг, GP Günter Papenburg AG компаниясының басқарма төрағасы Гюнтер Папенбург, HMS Bergbau AG компаниясының басқарма төрағасы Дэннис Швиндт, KfW Bankengruppe компаниясының Халықаралық қаржыландыру жөніндегі басқарма мүшесі Кристиане Лайбах, KNAUF Gruppe компаниясын басқарушы серіктестердің өкілі Александр Кнауф, Herrenknecht AG компаниясының басқарма мүшесі Мартин-Дэвид Херренкнехт, Ernst Klett AG компаниясының бас атқарушы директоры Филипп Хаусманн, Rhenus SE & Co. KG компаниясының бас директоры Тобиас Бартц қатысты.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ТЕРЕҢДЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – Германия» бизнес форумына қатысып, сөз сөйледі. Президент өз сөзін Германияның Федералдық Канцлері Олаф Шольц пен осы елдің ірі бизнес өкілдеріне аталған форумға қатысқаны үшін ризашылық білдірумен бастады. Мемлекет басшысының айтуынша, Канцлердің ресми сапары қазақ-герман қатынастарында маңызды кезең басталғанын білдіреді әрі өзара ықпалдастықты тереңдету үшін мол мүмкіндікке жол ашады.

– Елдеріміз арасындағы тығыз дипломатиялық қарым-қатынастар кең ауқымды экономикалық байланыстардың дамуына ықпал ететін негізгі фактор саналады. Германия дүниежүзіндегі ірі әрі ең дамыған экономикалардың бірі ретінде өндіріс, технология, жасыл экономика және инновация салаларында әлемдік стандарттарды айқындайды. Неміс өнімі өзінің ерекше сапасымен және сенімділігімен баршаға мәлім, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, былтыр екіжақты тауар айналымы 41 пайызға ұлғайып, 3,9 миллиард долларды құрады. Германиядан келетін тікелей инвестиция да едәуір артқан. Оның мөлшері 64 пайызға өсіп, 770 миллион долларға жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

– Біз жалпы құны 55 миллиард доллар болатын 66 бірлескен инвестициялық жоба бойынша уағдаластыққа қол жеткіздік. Германия кәсіпорындары елімізге көбірек келіп, «Қазақстанда неміс сапасына сай жасалған» деген ортақ бренд аясында жергілікті өндірісті жолға қояды деп үміттенеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан білім мен инновацияға негізделген жаңа экономикалық парадигманы ілгерілетіп жатқанына назар аударды. Осы мақсатқа жету үшін Қазақстан түбегейлі экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізіп жатыр. Экономиканы либерализациялауды көздейтін мұндай шаралар, ең алдымен, әділ бәсекелестікті және кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз етуге басымдық береді. Экономикалық өсімге қол жеткізу үшін Қазақстан жаңа инвестициялық циклді бастады. Оның аясында 2029 жылға дейін шетелден 150 миллиард доллар тікелей инвестиция тарту жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзара ынтымақтастықтың бірқатар перспективті бағытына тоқталды.

– «Аса маңызды шикізатты инвестиция мен технологияға айырбастау» прагматикалық формуласына сай табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу ісін дамытуды ұсынамыз. Біздің минералды-шикізат қорымызда әлі барланбаған бес мыңнан астам кен орны бар. Бұл кеніштердің құны триллиондаған долларға бағаланады. Бүгінде біз Еуропа Одағының экономикасы үшін аса маңызды 34 сирек кездесетін материалдың 19 түрін өндіреміз. Осыған орай Минералдық ресурстар жөніндегі неміс агенттігі (DERA) мен қазақ серіктестері маңызды шикізат саудасы бойынша консорциум құрып жатыр. Біз бұл бастаманың таяу арада нақты іске асуын асыға күтіп отырмыз. Бұдан бөлек, HMS Bergbau компаниясының Шығыс Қазақстанда литий элементін қайта өңдейтін зауыт салу үшін барлау жұмыстарын жүргізу туралы жоспарын құптаймыз. Бұл жобаға салынатын инвестиция көлемі – 500 миллион доллар. Еліміздің бай ресурс қоры өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымызды кеңейте түсуге мол мүмкіндік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы тағы бір перспективті бағыт ретінде энергетика саласына тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан барланған мұнай қорының көлемі жағынан Еуразия құрлығында екінші орында және әлемдік нарыққа энергия ресурстарын жеткізуші ірі елдердің санатына кіреді. Қазақстан мұнайының 70 пайызы Еуропа Одағына жөнелтілетінін ескерсек, еліміз экспорт мүмкіндіктерін ұлғайтуға, осылайша жаһандағы энергия ресурстары тапшылығының азаюына ықпал етуге дайын.

– Германияның мұнай-газ жабдықтары және қосалқы бөлшектері өндірісін елімізде локализациялау – негізгі басымдық. Бір сөзбен айтқанда, неміс өндірісінің Қазақстанға келгенін қалаймыз. Бұл отандық өнеркәсіп саласына озық технологиялардың енгізілуіне септігін тигізер еді. Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері секторындағы әлеуеті әлі де толық пайдаланылмай келеді. Көптеген әлемдік ірі «ойыншылар» бұған көз тігіп отыр. Мысалы, немістің Svevind group компаниясы Қазақстанға 50 миллиард доллар инвестиция салып жатыр. Бұл жобаның мақсаты – «жасыл» сутегін өндіріп, оны Еуропа нарығына сату, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Еуразияның төрінде стратегиялық тұрғыдан ұтымды орналасқан, ол еліміздің өңірдегі ең басты сауда және логистика орталығына айналуына мол мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы «Орта дәліз» қазіргі кезде Еуропа бағытындағы ең қысқа әрі сенімді бағдар саналатынына назар аударды. Аталған күрежол арқылы жылына 10 миллион тоннаға дейін жүк жеткізуге болады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-саттықты одан әрі жандандыра түсу үшін «Орта дәлізді» Трансеуропа көлік желісімен және Еуропа Одағының «Жаһан қақпасы» бастамасымен ұштастыруды ұсынды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Германиямен фармацевтика саласындағы ынтымақтастықты кеңейтудің келешегі зор деп санайды. Еліміз дәрі-дәрмек пен медицина жабдықтары өндірісін белсенді түрде дамытып келеді. 2025 жылға қарай ішкі нарықтағы отандық өнім үлесін 50 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Президент Қазақстанда ауыл шаруашылығын дамытуға да мемлекет тарапынан айрықша мән беріліп жатқанын айтты. Әлемдегі ірі бидай экспорттаушылардың бірі ретінде еліміз агроөнеркәсіп кешенін жаңғыртуға, салаға жоғары технологиялар мен агротехнологиялық инновацияларды енгізуге мүдделі.

– Қазақстан Еуразиядағы жетекші ақпараттық технологиялар орталығына айналуды көздейді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанды цифрлық технологияларды енгізу жағынан үздік 30 елдің қатарына қосты. Біз ғылыми-зерттеу жобалары, стартаптар, техникалық білім беру және тренингтер ұйымдастыру, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы жаңа IT-жобаларды жүзеге асыру арқылы ынтымақтастықты барынша кеңейтуге ұмтыламыз,– деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығы герман компанияларына жаңа серіктестік құру мүмкіндіктерін іздеуге көмектесе алатынын айтты.

– Қазір АХҚО инвестициялар, инновациялар және қаржы қызметтері тоғысқан бірегей өңірлік орталыққа айналды. Франкфурт, Лондон, Дубай, Нью-Йорк және Сингапурдағы жетекші халықаралық қаржы орталықтарының барлық артықшылығын мұнда да пайдалануға болады. Біздің Орталық инвестиция тарту үшін салық, виза және еңбек саясаты жағынан бұрын-соңды болмаған қолайлы шарттар мен жеңілдіктер ұсынады. Әр инвесторға жеке қолдау көрсетіледі. Британия заңнамасына негізделген әділ сот жүйесі жұмыс істеп тұр. «Астана» халықаралық қаржы орталығында 80 елден үш мыңға жуық компания тіркелген. Соның 20 компаниясы – германиялық. Олардың саны жуық арада тағы да өседі деп үміттенеміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, бұл кездесу айтарлықтай нәтиже беріп, Қазақстан мен Германия арасындағы экономикалық байланыстарды тереңдету үшін маңызды қадам болатынына сенім білдірді.

«AMANAT» ПАРТИЯСЫ:

ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫН САЛУДЫ ҚОЛДАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Іс-шараны ашқан Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер қоғам өміріне және елдің жан-жақты дамуына зор үлес қосатынын әрдайым айтып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдердің құқығын қорғау және отбасы құндылықтарын нығайту Президент пен «AMANAT» партиясының басты назарында екенін айтты.

Ол Әйелдер қанаты бір жарым жылда «AMANAT» партиясының қозғаушы күштерінің біріне айналғанын атап өтті. Мәселен, Әйелдер қанатының алғашқы форумында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі талқыланды, Парламент тиісті заң қабылдап, ол жақында күшіне енді. Сонымен қатар халықтың қарыз жүктемесін азайту, құмар ойындарға қарсы күрес туралы жаңа заңдар күшіне еніп, бұл мәселелер де Әйелдер қанаты мүшелерінің бастамасымен көтерілді.

Кездесуге қатысушылар еліміздегі ең маңызды оқиғалардың бірі – Мемлекет басшысының Жолдауын да талқылады. «AMANAT» партиясының Төрағасы әр Жолдау – бұл халықтың қажеттілігі мен сұранысына негізделген нақты іс-қимыл жиынтығы екенін мәлімдеді. Соның бірі – соңғы жылдары халық пен бизнес қатты сезініп отырған энергия тапшылығы мәселесі. Осыған байланысты, АЭС құрылысы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін шешіп, оның алдағы экономикалық дамуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ерлан Қошанов бүгінде АЭС идеясына қазақстандықтардың басым бөлігі қолдау білдіргені маңызды екенін атап өтті. Сондықтан партиялар мен жетекші қоғамдық ұйымдар АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабқа бірікті. Осы күні Халықтық штаб мүшелері өңірлерді аралап, тұрғындармен кездесуде. Қазірдің өзінде халық тарапынан бейбіт атом идеясына үлкен қолдау байқалады. Мәжіліс Спикері азаматтар АЭС-ке балама жоқ екенін түсініп, бұл тағдыршешті мәселеде олардың дауысы шешуші рөл атқаратынына сенім білдірді.

«Бүгін біз елдің одан әрі дамуына әсер ететін барлық маңызды шешімдер халықпен бірге қабылданып жатқанын көріп отырмыз. Жаңа саяси мәдениеттің мәні осында. Біз барлығымыз бірге жаңартылған Конституция үшін дауыс бердік. Қазір халық қабылдаған шешімнің дұрыс болғанын көріп отырмыз. Бұл жолы да бірлесіп, еліміздің прогрессивті дамуына тағы бір батыл қадам жасауымыз керек. 6 қазанда біз батыл шешім қабылдап, АЭС құрылысына дауыс беруіміз керек», – деді ол.

Өз кезегінде Ядролық физика институтының ғылыми хатшысы Карлығаш Мұнасбаева және Ядролық физика институтының ядролық және физикалық қауіпсіздік оқу орталығының бастығы Наталья Измайлова қауіпсіздік және экологиялық талаптарға сәйкес келетін соңғы жетістіктер мен әзірлемелерді пайдалана отырып, АЭС салудың перспективасы туралы айтты. Ал Жетісу облысы Сарқан ауылынан келген кәсіпкер Кенжетай Тазабекова АЭС құрылысы бойынша референдум өткізу – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың айқын көрінісі екенін атап өтті.

Партия Төрағасы қазір кәсіби мамандардың дәлелді сөздері күмәншіл адамдар мен сыншылардың пікірінен басым түсіп, атом энергиясына қатысты халықтың қорқынышы мен үрейін сейілтуі өте маңызды екенін атап өтті.

Кездесу соңында партияның Әйелдер қанатының мүшелері АЭС құрылысына қолдау білдіріп, барша қазақстандықтарды референдумға белсенді түрде қатысуға шақырды.

Халықтық штабтың баспасөз қызметі
Суретті түсірген: Әли Ғалым
Дайындаған: Nur Media ЖШС.
Тапсырыс беруші: М.Оспанов
«AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігінің қаражаты есебінен төленді

МӘЖІЛІСТЕ ТАУАР БИРЖАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Мәжілістің қарауына тауар биржалары мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер бірінші оқылымда енгізілді. Тиісті заң жобасы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында Мәжіліс депутаттарының бастамасымен әзірленген. Заң жобасында биржаларға қойылатын реттеушілік талаптарды қатаңдату, мемлекеттік бақылауды күшейту, сондай-ақ отандық өндірушілердің ашық сауда құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Жалпы отырыстың күн тәртібіне Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы енгізілді.

Бұдан басқа, депутаттар «Пошта туралы» заңға енгізілетін өзгерістерді жұмысқа алатын болады.

Бюро отырысында Мәжілістің VIII шақырылымдағы Қоғамдық палата құрамына жаңа мүшелерді қосу мәселесі де қаралды және депутаттардың сайлаушылармен кездесу үшін өңірлерге сапарға шығуы туралы ақпарат тыңдалды.



17 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

АТОМ ҚУАТЫ АДАМЗАТ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 6 қазанда АЭС салу жөнінде референдум өтеді. Қазір қоғам талқысындағы осы мәселеге орай елімізде атом энергетикасы кадрларын даярлау және оны бейбіт мақсатта пайдаланудың ерекшеліктері жөнінде Ядролық физика институты бас инженерінің орынбасары Асхат Бекбаевпен әңгімелескен едік.

– «АЭС не үшін керек?» деген сұраққа мамандардың көбі елімізде электр энергиясы жетіспейді, атом энергиясы экономикалық жағынан тиімді, экологияға зияны жоқ деп жауап береді. Сіздіңше, АЭС Қазақстанды энергия тапшылығынан қалай құтқарады? Бір ғана АЭС салып, қуат жетіспеушілікті еңсере аламыз ба?

– Энергия тапшылығы қазірдің өзінде бар. Біз Ресей мен Қырғыз мемлекетінен күнделікті электр энергиясын сатып алуға мәжбүр болып отырмыз. Көбіне кешкі және таңертеңгі уақытта сатып аламыз. Яғни, Энергетика министрлігінің мәліметінше, қазір бізде жетіспеушіліктің қуаты 2 ГВт-тан асып тұр. Сондықтан АЭС салу жоспарланып жатыр. АЭС-ті 2035 жылы қосамыз деп болжағанның өзінде бұл қуаттылықтың мөлшері толық 9-10 пайыз болады. Сонымен қатар АЭС-тен басқа жаңартылатын электр көздерін салу да жоспарланған. 2023 жылғы мәлімет бойынша, жаңартылатын электр көздерінің қуаттылығы 6 пайызды құрады. Яғни, біз жаңартылатын қуат көздерінен бас тартып жатқан жоқпыз. Оларды да салуды қарастырып, осы бағытта қарқынды жұмыс жүргізіліп жатыр.

Бір ғана АЭС салып электр қуатының жетіспеушілігін еңсере алмаймыз. Бірақ алдымен бір АЭС-тің өзі біршама тұтынушылық қажеттілікті қамтамасыз етеді. АЭС салу арқылы энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізе аламыз. Атап айтсақ, ол меншікті атом электр стансасы энергия тасымалдаушылардың импортына тәуелділікті азайтуға, елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға және энергетикалық ресурстарды неғұрлым икемді басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге АЭС металлургия, химия және машина жасау сияқты энергияны көп қажет ететін салаларды дамытуға қуатты ынталандыру бола алады. Жаңа жұмыс орындарын да атап өтпеске болмайды. Бұл – ел экономикасына оң әсер етеді. Атом электр стансаларын салу және пайдалану жаңа технологиялар мен ғылыми зерттеулерді дамытуды талап етеді, бұл елдің технологиялық жабдықталу деңгейін арттырады. Одан бөлек, парниктік газдар шығарындыларын азайта аламыз. Себебі атом энергетикасы төмен көміртекті болып келеді. Бұл Қазақстанға парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және климаттың өзгеруіне қарсы күреске өз үлесін қосуға көмектеседі

– Егер АЭС салынатын болса, ғылыми практикада қай елдің технологиясы озық және біз қай елдің тәжірибесіне жүгінгеніміз дұрыс деп ойлайсыз?

– Қазір мемлекетке ұсынылған 4 жоба бар. Төрт түрлі реактор: ҚХР «CNNC» (HPR-1000 реакторы), «Росатом» МК (РФ, ВВЭР-1200 реакторлары), Оңтүстік Корея «KHNP» (APR-1000 мен APR-1400 реакторлары) және Франция «EDF» (EPR1200 реакторы) компаниялары қарастырылып отыр. Бұл реакторларда су-сулы реакторлардың типтері таңдалған. Себебі қауіпсіздігі жағынан өте жоғары реакторлардың бірі. Яғни, 50 жыл жұмыс істеген уақыт аралығында бірде-бір апатты жағдай болмаған. Демек, қауіпсіздік деңгейі тәжірибеде расталған.

Ал қай мемлекет салатынын референдум оң шешілген жағдайда сарапшылар, мемлекеттік органдар шешеді.

– АЭС халықтың тұрмыс-тіршілігіне қалай әсер етеді? Олардың денсаулығына қаупі жоқ па, экологияға зияны тимей ме?

– Реактордың жұмыс істеу кезінде экологияға және адамға әсері болмайды. Өйткені реактор қауіпсіз жағдайда жұмыс істейді. Жан-жақтағы экологиялық ахуалды құртпайды. Оның радиациялық өлшемі қоршаған ортадағы радиациялық өлшемнен сыртқа артық кетпейді. Қауіпсіз реакторлар болғандықтан адамға тигізетін кері әсері жоқ. Біздің реактордың жанында тұратын Алатау қалашығына былтыр арнайы құрылғылар берілген болатын. Осы құрылғылар 6 ай сайын, 3 ай сайын тексеріліп, адам ағзасына қандай зиянды қандай радиациялық мөлшер алынатындығына мониторинг жасалған болатын. Мониторингтің қорытындысы бойынша алған дозалардың өлшемі 10 дозасынан аспайтыны анықталған. Бұл реакторлардың жанында тұратын тұрғылықты халыққа ешқандай кері әсерін тигізбейтінін айдан анық қылып көрсетті.

Дегенмен әсерлерден қорғау үшін, ең алдымен, АЭС салу үшін алаңды мұқият таңдауға мән беруіміз керек. Одан бөлек, төтенше жүктемелерге төтеп бере алатын ғимараттар мен құрылыстардың құрылымын және төтенше жағдайларға арналған іс-қимыл жоспарларын әзірлеу қажет. Ықтимал тәуекелдерге қарамастан, қазіргі заманғы атом электр стансалары ең қауіпсіз энергия көздерінің бірі болып табылады. Технологиялар мен қауіпсіздік жүйелерін үнемі жетілдіру апаттардың ықтималдығын азайтуға мүмкіндік береді

– АЭС-тің радиоактивті қалдықтарсыз болмайтыны шындық, оны қайта өңдеу және сақтау әлемдік деңгейде әлі де шешімін таба қойған жоқ. Қазақстан радиоактивті қалдықты қайда, қалай сақтамақ? Мүлде зарарсыздандыру мүмкін бе?

– АЭС-де жанған отынның шығындылары болады. Осы радиоактивті шығындыларды уақытша сақтау қоймасына салып, қайтадан өңделетіндей қылып, оны заманауи технология негізінде жаңа отын ретінде пайдалануға болатын мүмкіндік бар. Бұл технологияларды Франция, Ресей мемлекеттері пайдаланып келеді. Технология туралы айтатын болсақ, қалдық отынды байытып, қайтадан отын ретінде 4 буын реакторларына дайындауға болады.

Ал экологтердің, «жасылдардың» айтуы бойынша, оны миллиондаған жылдарға көміп тастаймыз және радиация қоршаған ортаға әсерін тигізеді деген шындыққа жанаспайтын мәлімет.

– Станса Алматы облысында Балқаш көліне жақын орналасқан Үлкен ауылының маңында салынатыны нақты шешілді ме? Балқаш көлінің су деңгейі АЭС-ке қажетті сұранысты өтей ала ма? Су сапасына әсері бола ма?

– Жоғарыдай айтқанымыздай, жаңа қарастырылып отырған реакторлардың типі су-сулы реакторлар. Ол екі контурдан тұратын реактор. Бұл контурлар тізбектей және тұйықталған жүйе болады. Бірінші контур отынмен, яғни уранмен тікелей жанасады. Бірінші контурдың радиациясы 14, екінші контур бірінші контурды суытатын және жылуын алатын контур, тұйықталған болғандықтан осы екі контурдың суы бір-бірімен араласпайды. Жылу алмасуы жылу алмастырғыштармен байланысты болады. Екінші контурда су буланған кезде механикалық роторларды айналдырып, механикалық энергиядан электр энергиясына айналады. Балқаш суы екінші контурдағы судың буын конденсациялатындай буды суытып қайта шығады, яғни Балқаш көлінің суы реактордың тікелей екінші контурымен араласпайды, соның аумағына келіп буын суытып қайта шығатын су болып тұр. Оның тек бір мәселесі бар. Балқаштың суы реакторға тұйықталған тізбекпен келіп кіреді және 5-7 градусқа дейін температурасы көтеріледі де, қайтадан Балқаш суына құйылады. Осы пайдаланылған судың көлемі Балқаш көлінің тұтас көлемімен салыстырғанда өте аз мөлшерде болғандықтан, көлге зияны тимейді.

– Демек, реакторда ысытылған су Балқашқа қайта құятын болса, оның Балқашқа зиянын тигізбейтіндігі және қауіпсіздігі қалай дәлелденген?

– Мысалға айтатын болсам, біздің институтта реактор 1957 жылдан бастап істеп келе жатыр. Қазір сол реактордың базасында радиофарм препараттары жасалады. Радиофарм препараттар Шымкентке, Алматыға, Семейге, Астанаға жөнелтіледі. Олар онкологиялық ауруларды емдейтін бірден-бір препараттар. Жылына 4,5 мыңнан аса адам, біздің институтта шығарылған радиофарм препараттардың арқасында ем-шара алып жатыр. Биылдан бастап радиофарм препараттарымыз Бішкек қаласына да жөнелтіліп жатыр. Одан басқа өндірістік радиоизотоптар бар. Ол да газ-мұнай саласына керекті радиоизотоптар. Яғни, әлеуметтік жағынан – бұл технологиялардың пайдасы өте зор. Ғылым жағынан ғалымдарымыз істеп жатқан жұмыстары алдынғы қатарлы халықаралық жарияланымдарда мойындалып, бейбіт атомның пайдасы зор екенін дәлелдеді десек болады.

– Ал АЭС энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікке қаншалықты кепіл бола алады? Сонымен қатар АЭХА МАГАТЭ АЭС-тің қауіпсіздігіне қаншалықты жауап бере алады?

– Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік – (МАГАТЭ) бүкіл әлемдегі бейбіт атомның қолданылуын қадағалайтын ұйымның бірі. Біздің ғылыми зерттеу реактор АЭХА-гі (МАГАТЭ) сарапшыларының бақылауында десек қателеспейміз. Жыл сайын біздің ұйымды АЭХА үш мәрте тексеріп кетеді. АЭС және ғылыми зерттеу реакторларына АЭХА ұйымының қауіпсіздік жағынан және пайдалану жағынан қойылатын талаптары бірдей. Ол үлкен бе, кіші ме атом реакторына бірдей талаптар қойылады, яғни бұл қадағалаудың үлкен деңгейде екенін көрсетеді.

– АЭС-ті салуға оны дұрыс пайдалануға отандық мамандардың әлеуеті жете ме?

– АЭС-ті пайдалануға қауқарымыз жетеді. Өйткені атом саласында, атом энергетикасында, атомды бейбіт мақсатта пайдалануда біздің үлкен құзыреттілігіміз бен тәжірибеміз бар. Қазірдің өзінде елімізде 50 жылға жуық уақыт аралығында үш реактор жұмыс істеп келе жатыр. Олардың бәрінде мамандар шоғыры қалыптасқан. Бұл Қазақстанда баяғыдан мамандар даярланып жатқанын көрсетеді. Бұдан басқа қарқынды жұмыс істеп жатқан бағыты жоғары оқу орындарымен Қазақ ұлттық университеті, Еуразия ұлттық университеті, Шығыс Қазақстанда Аманжолов және Серікбаев атындағы университеті, Қ.Сәтбаев университетінде, Алматы Энергетикалық университетінде инженер мамандар дайындалып жатыр. 2011 жылдан бастап, 2023 жылы сала бойынша 1 600-ден аса адам дайындалып, жоғары оқу орындарын бітірген болатын. Оқып жатқан студент, магистранттардың саны 260-қа жуық. Одан басқа біздің институттың базасында ЖОО-лардың студенттері келіп өзінің практикалық сабақтарда эксперименталдық түрде деңгейін шыңдайды. Сонымен қатар институт базасында АЭХА-ның көмегімен 2000 жылдан бастап, үш оқу орталығы ашылған. Осы оқу орталықтарында атом саласында істейтін қызметкерлердің деңгейі шыңдалып, оқу курстарынан өтеді. Осының бәрі Қазақстанда АЭС-ке қатысты мамандардың дайындалған үлкен легі бар екенін көрсетеді.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

ЖЕТІСУДАҒЫ ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ЖОБА

Ел дамуының маңызды мәселелері бойынша республикалық референдумда мақұлданғандай, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Ата Заңға енгізілген өзгерістерден соң жерді толықтай ел игілігіне асыруға қатысты нақты шаралар қолға алынып, бірқатар жұмыс жүзеге асырылды. Алайда кезінде жүздеген, мыңдаған гектар жерді түрлі жолмен меншігіне қаратып алған латифундистер ұлан-ғайыр алқаптардың қызығын не өзі көрмей, не халыққа қимай отырғаны да рас. Соның салдарынан ауылдарда тұратындар жайылым мен шабындыққа жарымай, егіншілер егістікке қол жеткізе алмай отырғаны да шындық.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Мемлекет басшысы халыққа арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты биылғы Жолдауында жер ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі екенін және оны тиімді пайдаланудың маңызын ерекше атап өтті. Ауыл шаруашылығына арналған жерлерді түгендеуді және қараусыз қалған, заңсыз берілген алқаптарды мемлекетке қайтаруда батыл қадамдар қажеттігін қадағалап тұрып айтты. Осы орайда Жетісу облысында «Заң бойынша жер» пилоттық жобасы іске асырылатын болды. Ауыл шаруашылығы жерлерін бөлудің барлық процедурасы цифрландырылатын бұл жобаны әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында облыс прокуратурасы мен облыстық Жер қатынастары басқармасы бірлесіп қолға алмақ.

Жоба республикада бірінші болып пилоттық режимде алдағы қараша айында Сарқан ауданында жүзеге асырыла бастайды. Егер ол өз тиімділігін көрсетсе, келесі жылдан бастап барлық ел аумағында іске қосылады деп жоспарланған.

– Жергілікті жерде кемінде 5 жыл тұрған азаматтар мен кәсібін бастағанына үш жылдан аспаған кәсіпкерлерге артықшылық беріледі. Оған қоса егістік жерлер үшін техникаларының қуаттылығы, жайылым жерлер үшін мал басының саны, соның ішінде техника мен малдың кемінде он екі ай бұрын тіркелгендігі есепке алынады. Тіпті, шаруашылықтағы қызметкерлер саны, олардың зейнетақы мен салық аударымдарының болуы да ескеріледі. Осының бәріне белгілі деңгейде балл беріледі. Бұл түптеп келгенде ауыл шаруашылығын тиімді дамытуға бағытталып отыр, – дейді Жетісу облыстық Жер қатынастары басқармасының басшысы Ермек Әпеков.

Басқарма басшысының айтуынша, электронды конкурстың өткізілу процесіне жергілікті атқарушы органның қызметкерлері қатыспайды. Және онда бұрынғыдай инвестиция көлемі ескерілмейді. Оған қоса ірі жер көлемінің бір қолда шоғырлануына жол бермеу де қарастырылған. Сондай-ақ конкурсқа қатысушылар түрлі анықтама мен құжаттар жинап әуреленбейді, себебі цифрлық жүйе Ауыл шаруашылығы, Әділет, Қаржы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің деректер базасымен интеграцияланған.

Қазіргі қолданыстағы конкурс тікелей комиссия мүшелерінің қатысуымен, яғни адам қолымен атқарылатындықтан, онда жемқорлық тәуекелдері жоқ дей алмаймыз дейді облыстық прокуратура өкілдері. Олар талдау барысында ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу мәселесі қоғамда жиі көтерілетінін анықтаған.

– Бұл орайда біз Жер қатынастары басқармасымен бірігіп, конкурс өткізудің цифрлық жүйесі жобасына кірістік. Бұл қадам жерді бөлудің ескірген тәсілінен бас тартып, оны толық автоматтандыруға қол жеткізуге бағытталған. Конкурсқа рейтингтік-балдық жүйе енгізіліп, оның қорытындысы адамның қатысуынсыз бірден жарияланады. Заман талабына сай енгізілген жаңалықтар жемқорлықтың алдын алуға, бизнесін жаңа бастаған және әлеуметтік бағыттағы кәсіпкерлерді қолдауға, бизнес өкілдерінің өз ісін ашық жүргізуін ынталандыруға, шаруа қожалықтарында істейтін жұмысшылардың құқығын қорғауға оң ықпалын тигізеді деген сенімімізі бар, – дейді облыс прокуратурасының Қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасы бастығының орынбасары Б.Ерұзақов.

Жобаны жүзеге асырудың сынақ алаңы ретінде Сарқан ауданының таңдалуына келер болсақ, Жер кодексіне сәйкес облыста нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша жер аумағы 7 санатқа толыққанды бөлінген алғашқы аймақ осы аудан болғандықтан, пилоттық жобаға алғашқы қатысушы ретінде таңдалыныпты. Жерді аумақтарға бөлу қазір тағы 4 ауданда: Ақсу, Көксу, Ескелді, Кербұлақ аудандарында жүргізіліп жатыр.

Жалпы, Жетісу облысында биылғы жылдың басынан бері жер бөлуге қатысты 28 конкурс өткізілген. Оған 659 адам қатысып, оларға 84 мың гектардан астам жер бөлініп беріліпті.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

17 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

Келесі жылы барша қазақстандықтар Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеді. Бұл соғыс қазақ халқының ерлігі мен қаһармандығын бүкіл әлемге паш етті. «Ұлы Отан соғысының еліміз тарихында алар орны қандай? Батырларымызды қалай ұлықтауымыз керек?» деген сұрақтар төңірегінде белгілі мемлекет қайраткері, ғалым, академик Мұхтар Абраруұлы Құл-Мұхаммедпен сұхбат құрған едік.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
мемлекет қайраткері:

ҚАЙТА ОРАЛҒАН БАТЫРЛАР

– Мұхтар Абраруұлы, «Ұлы Отан соғысы» қандай соғыс? Оның тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алар орны қандай болмақ? Әңгімемізді осы сауалдардан бастасақ.

– Бізге қазақ тарихының қай парағы болсын қымбат. Бұл – Күлтегін ұстынында жазылғандай, батыр бабаларымыз «қара терін төккен, қызыл қанын жүгірткен» қастерлі тарих. Ұлы Отан соғысы да қаһарлы күндерден тұратын киелі кезең.

Әрине, ол кезде біз Кеңес Одағы деген алып империя құрамында болдық. Бабаларымыз ғана емес, біздің буын өкілдері де осы Одақтың азаматы болды. Сондықтан небір «тар жол, тайғақ кешулерден», зұлмат ашаршылық, қанды репрессия, сұрапыл соғыс, ұлт зиялыларын үздіксіз қуғын-сүргінге ұшырату мен кешегі Желтоқсан оқиғасына дейінгі аласат кезеңдерден тұратын ұлт тарихының әр бөлігі ұмытылмауға тиіс. Бірақ оның ақиқатын аңыздан аршып ала білуіміз керек.

Жаңа Сіз айтқан «Ұлы Отан соғысы» деген соғысты батыс жұртшылығы мүлде білмейді. Оның есесіне әлемнің жетпістен астам мемлекеті қатысып, үш құрлық пен үш мұхитта қанды шайқастар болған Екінші дүниежүзілік соғысты жақсы біледі.

Жаһандық соғыс өртін 1939 жылдың 1 қыркүйегінде тұтатқан фашистік Германия болды. Ал батыс тарихшылары бұған Кеңес Одағын да қосақтайды. Шындығында, Германия Польшаның батысын жаулап алғанда 17 қыркүйекте Сталиннің бұйрығымен кеңес әскерлері Польшаның шығысына басып кіреді. Бұл – күрделі тақырып. Оған бөлек әңгіме керек.

Германия 1941 жылдың 22 шілдесінде КСРО-ға шабуыл жасағаннан бастап, кеңес халқы үшін Ұлы Отан соғысы басталды. Біз үшін, шын мәнінде, бұл қастерлі соғыс болды. Оны да, кескілескен шайқастарда асқан ерлік көрсеткен батыр бабаларымызды да, осы соғыста шейіт болған әрбір сарбазымызды да ешқашан естен шығаруға болмайды.

– Қазақстаннан барлығы қанша адам соғысқа қатысты? Олардың қаншасы майдан даласынан оралмады?

– Кезінде кандидаттық диссертациямды орыс энциклопедияларындағы қазақ тарихынан қорғағанмын. Революцияға дейінгі ең үлкен орыс энциклопедиясы «Брокгауз-Ефронның» нақты деректері бойынша Ресей империясында 1897 жылы 4 миллион 84 мың қазақ өмір сүрген. Бірақ бұл санаққа сол кезде дербес мемлекеттер болған Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығындағы қазақтар және Қытай мен Монғолияда тұратын қандастарымыз кірмей қалған. Мәселен, Хиуа хандығы халқының төрттен бірін қазақтар құраған. Сонда XIX ғасыр соңындағы қазақтардың саны 5 миллионға еркін жеткен. Ал XX ғасырдың алғашқы ширегінде халқымыз 6 миллионнан асқан. Кешегі Ресей империясы мен Кеңес Одағы құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының саны жағынан ең көбі біздің ұлтымыз болған.

Сталиннің жауыздықпен жүргізген сұмпайы саясатының салдарынан болған 20-шы жылдардағы алғашқы ашаршылық пен кәмпеске, 30-шы жылдардағы зұлмат ашаршылық пен қанды репрессия халқымыздың демографиялық дамуына орасан зор зиянын тигізді.

Менің ардақты ұстазым, академик Манаш Қозыбаевтың деректері бойынша Ұлы Отан соғысына 1 миллион 200 мың қазақстандық аттанып, оның тең жарымынан астамы қан майданда қаза тапқан. Сіз сұраған нақты сұраққа, нақты жауап осындай.

– Енді бабаларымыздың ерлігі мен қаһармандығына оралсақ. Ұлы Отан соғысында қанша қазаққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді? Нақты дерек жоқ. Әр жерде әртүрлі мәліметтер айтылады.

– Оның өзіндік себебі бар. Жастау кезімде Қазақ кеңес энциклопедиясында қызмет істедім. Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында 1985 жылы «Қазақ ССР» қысқаша энциклопедиясының 1-томын шығардық. Сондағы әр батырдың есімін атап отырып түгендегенде, Ұлы Отан соғысында 98 қазаққа Батыр атағы берілгенін анықтадық, бірақ бұл толық дерек емес. Онда Қазақстаннан өзге 14 республикадан әскерге шақырылып, Батыр атағына ие болғандар қамтылмаған. Кейбір ұлты қазақ азаматтар түрлі себептермен басқа ұлттың өкілі болып жазылып кеткен. Менің есебім бойынша, осының бәрін ескеретін болсақ, Ұлы Отан соғысында 138 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын иеленген. Кейінгілер толықтыра жатар. Әзіргі дерек осындай.

– Кейін бейбіт заманында да біраз адамға берілді ғой.

– Иә, олар көп емес. Олар негізінен ғарышкерлер ғой. Тек атағы жердің жүзін шарлаған даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы ағамызға Кеңес Одағы күйреуінен бір жыл бұрын ғана ұялғанынан Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Әскери жойғыш ұшақты сынауда көрсеткен ерлігі үшін Тоқтар Әубәкіров ағамызға да 1988 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ельциннің тұсында – 1996 жылы капитан Гастеллодан бұрын жау ұшағына алғаш рет таран жасаған жерлесіміз Бақтыораз Бейсекбаев Ресей Батыры атанды.

– Ал ұсынылып тұрып, ерлігіне лайық атағы берілмегендер ше? Олар да көп болған жоқ па?

– Дәл солай. Соғыс кезінде 118 қазақ (бұдан да көп болуы мүмкін) Батыр атағына ұсынылып тұрса да, оларға бұл атақ берілмеген. Өйткені Кремльдегілер бәрін есептеп отырған. Ең үлкен ерлікті «ұлы» орыс халқының өкілдері жасау керек, одан кейін украин, белорус дегендей. Соның өзінде жан басына шаққанда батырлардың саны жөнінен қазақтар алғашқы үштікке еніп отыр. Егер бұған қосымша 118 қазаққа атақ берілсе, біз халық санына қарай есептегенде, орыстың да алдына шығып кетер едік. Сол себепті қазақ жауынгерлерінің ерлігіне лайықты баға берілмей, әділетсіздік жасалған.

Біздің буын екі мәрте «Алтын жұлдыз» алғандардан атақты ұшқыш Талғат Бигелдинов ағамызды ғана біледі. Ал шындығында, одан басқа тағы 6 қазақ екі мәрте осы атаққа ұсынылған. Оның екеуіне ғана бұл атақ бір-ақ рет берілген. Сол екеудің бірі – белгілі қолбасшы, генерал Сағадат Нұрмағамбетов ағамыз. Ал төрт қазақ екі рет қатарынан Батыр атағына ұсынылса да оларға бір «Алтын жұлдыздың» өзін бұйыртпаған. «Халықтар достығының одағы» деп жүрген кеңес заманында осындай әділетсіздіктер көп болған.

– Әскери мамандықтардың да саласы көп. Қай саладан батырлар көп шыққан?

– Қазақ – талантты халық. Олар әскери өнердің қай түрін болсын тез арада меңгеріп әкеткен. Сондықтан біздің халқымыздан сирек әскери мамандықтар: ұшқыш, танкист, артиллерия саласының батырлары шықты. Бабалары жекпе-жекке жиі шыққан ерен ерлеріміз қоян-қолтық ұрыстың да шебері болған. Екі рет батырлыққа ұсынылып, бір ғана «Алтын жұлдызға» ие болған капитан Сейітхан Темірбаев ағамыз әуедесантшылар ротасының командирі болған. Әйтсе де, қазақтар арасынан құралайды көзге атқан сұрмергендер, әскери тілмен айтқанда, снайперлер көп шыққан. Төлеуғали Әбдібеков деген мерген 397 немістің көзін жойған. Кейбіреулер: «соны кім санап отырған дейсің?» – деуі де мүмкін. Санап отырған дейміз біз. Өйткені әр мергеннің өз «снайперская книжкасы» болған. Командирі әрбір шайқастан кейін соны толтырып, қолын қойып, мағлұматты растап отырған. Төлеуғали ағамыздың жайратқан жауы 395-ке жеткенде (наградной листінде дәл осылай көрсетілген) оны Батыр атағына ұсынған. Бұл 1944 жылдың шілдесі, бірақ бермеген. «Қызыл Жұлдыз» орденімен шектелген.

Сұрмерген Ыбырайым Сүлейменовтің даңқы соғыс кезінде бүкіл майдан даласын шарлап кеткен. Оның ерлігін Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшылары – Кеңес Одағының Батыры, армия генералы К.Галицкий, генерал-лейтенант Ф.Лисицын, генерал-майор Ф.Зуев, генерал-майор А.Литвинов т.б. мойындады. Мойындап қана қойған жоқ, мергенді қатарынан бірнеше рет мәртебелі марапаттарға ұсынып, соғыс аяқталғаннан кейін жариялаған әскери мемуарларында оның ерлігін зор ризашылықпен тамсана жазған.

Осы екі батыр ағамызға жасалған әділетсіздікті жақсы білетін, өзі де майдангер офицердің баласы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев екеуіне де «Қазақстанның халық қаһарманы» атағын берді. Өшкеннің жанып, өлгеннің тірілгені осы емес пе?

– Сіздің де осыдан 4 жыл бұрын осы бір сауапты іске мұрындық болып, Ыбырайым Сүлейменовке «Халық қаһарманы» атағын беру мәселесін көтергеніңіз есімізде. Жалпы, аты көзі тірісінде аңызға айналған Ыбырайым Сүлейменов қандай адам болған?

– Ыбырайым Сүлейменов әскер қатарына шақырылған 1941 жылдың соңында Алматыда 100 атқыштар бригадасы жасақталып жатқан. Бұл бригада Орта Азия әскери округы қолбасшысының 1941 жылғы 26 қазандағы бұйрығы бойынша құрылды. Желтоқсанның басында Ыбрайым дәл осы бригада сапына келіп қосылғаннан кейін, дәлірек айтсақ, 20 желтоқсан күні оны жарақтау толығымен аяқталды. Әскерилер бригаданы бейресми түрде «Қазақтың жүзіншісі» («Сотая Казахская») деп атаған екен. Себебі ұлттық құрамы бойынша бригада жауынгерлерінің 86 пайызы – қазақтар, 11 пайызы – орыстар, тек үш пайызға жетер-жетпесі ғана өзге ұлт өкілдері болды.

Жүзінші бригада 1942 жылдың қазан айының соңында Калинин майданына қарасты Үшінші екпінді армия құрамында қиян-кескі ұрыстарға қатысады.

Ы.Сүлейменов осы бригада құрамында өзінің қаруластарымен бірге Ұлы Отан соғысы тарихындағы үш үлкен әскери операцияға – «Марс» деп аталатын Ржев, Сычевка бағытындағы шабуылға, Великие Луки қаласын азат ету жорығына және Невель қаласын жаудан босатуға арналған шайқастарға қатысыпты. Осының бәрінде де ғажайып мергендігімен көзге түсіп, үш рет қатарынан әскери марапатқа ұсынылады.

> **Жотаның сол қапталындағы окопқа «Максим» пулеметімен қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова, ал он қанатындағы снайперлік атуға лайықталып қазылған үш окопқа Ыбырайым Сүлейменов жайғасады. Көп ұзамай, алапат айқас басталады.**

Ыбырайым Сүлейменов алғашқы ерлігін «Марс» операциясын жүзеге асыру барысында – Калинин облысы Березки деревнясын азат ету кезінде жасайды. Жүзінші атқыштар бригадасының командирі А.Морецкий 1943 жылдың 27 қаңтарында қол қойған марапат қағазында: «В боях с немецкими захватчиками с 25 ноября по 6 декабря 42 г. при наступлении на деревню Березки Калининской области уничтожил 15 кукушек и снайперов противника, заменил выбывшего связного командира роты, восстановил связь со взводами, оказал помощь 30 раненым бойцам, командирам и вывел их в безопасное место», – деп жазылған.

Ұлы Отан соғысы тарихына «Кіші Сталинград» деген атпен енген Великие Луки қаласын азат етуге арналған айтулы операция 1942 жылдың желтоқсаны мен 1943 жылдың қаңтары аралығында қанды шайқаспен жүргізілді.

Осы қала үшін болған шайқаста полковник А.Морецкий Ыбырайымды «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынады. Комбриг қол қойған қысқа да нұсқа марапаттау қағазында: «Кр-ц снайпер Сулейменов в районе боев Молодой Туд Калининской области действовал отлично, за период с 25.11.1942 года по 5.12.1942 года уничтожил 42 гитлеровца. В районе города Великие Луки с 4.01.1943 года по 12.01.1943 год уничтожил своим метким огнем 160 солдат и офицеров противника», – деп жазады. Осы ерлігі үшін Ы.Сүлейменов 1943 жылдың 27 ақпанында «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

Ыбырайым Сүлейменов 1943 жылдың 9 шілдесінде оққа байлаған жауының саны 239-ға жеткенде Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылады. Деректердің нақты, бұлтартпас екендігіне және оған үш бірдей генерал қол қойғанына қарамастан, есіл ерге көпе-көрнеу қиянат жасалып, «Алтын жұлдыз» берілмейді.

– Ыбырайым Сүлейменов қазақтың аты аңызға айналған Батыр қызы Мәншүк Мәметовамен бірге соғысқаны туралы айтады.

– Иә, дәл солай болған. Екеуінің де есімі қазақ аспанында асқақтап тұрған. Мұны қазақтың майдангер жазушыларымен қатар, екеуінің де командирі болған генерал-лейтенант Ф.Лисицын «В грозные дни» дейтін әскери мемуарында жазған.

Ыбырайым мен Мәншүк Невель қаласы үшін болған шайқасқа бірге қатысады.

Немістер Невельді тастап шыққа да, ірі темір жол торабы орналасқан қаланың батыс жағындағы Изоча станциясының түбіне топтасып, тас-түйін қорғанысқа көшеді. Дәл осы стансаны босатуға арналған кескілескен ұрыстар теміржол бойындағы «Ступенчатая высота» деп аталатын жотада 1943 жылдың 15 қазанында болады.

Жотаның сол қапталындағы окопқа «Максим» пулеметімен қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова, ал он қанатындағы снайперлік атуға лайықталып қазылған үш окопқа Ыбырайым Сүлейменов жайғасады. Көп ұзамай, алапат айқас басталады. Анталаған жауға кезектесе оқ жаудырған қос батыр ақырғы демі біткенше ерлік пен қаһармандықтың мәңгі өшпес үлгісін көрсетеді. Қаумалаған дұшпанға қырғын майдан ашып, қайта-қайта шабуылға шыққан немістерді баудай түсірген Мәншүк пулеметінің дауысы өшкенде, Ыбырайым бар ыза-кегін бойына жинап, соңғы патроны қалғанша андыздаған жаумен арыстанша арпалысады. Осы шайқаста ағалы-қарындасты батырлар ерлікпен қаза табады.

Ы.Сүлейменов ерлігіне қатысты мағлұмат толық болуы үшін айтар болсақ: Изоча станциясы үшін шайқаста мерген жайратқан жауының санын 289-ға дейін жеткізсе де ешқандай марапатқа ұсынылмайды.

– Мәншүк апамызға да «Батыр» атағы бірден берілмеген екен. Әскери мұрағатты көп ақтарған ғалым ретінде осы туралы да нақты деректер бере кетсеңіз.

– Мәншүк апамыздың Невель түбіндегі ерлігі үшін әуелде 1-дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынумен шектелген. Бұл кезде оның даңқы майдан даласында шарықтап тұрған болатын. Батыр қыздың ерлігін көпе-көрнеу төмендету республика басшылығын алаңдатады. Оның үстіне, халық Мәншүкті әлдеқашан батырлар қатарына қосып қойған. Сол кезде 1944 жылдың 29 қаңтарында КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы М.Калининнің атына Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.Скворцов, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы Ә.Қазақбаев, Қазақ ССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Ондасынов қол қойған Мәншүк Мәметованы Кеңес Одағының Батыры атағына ұсыну жөнінде құжат жіберіледі.

Халқымыздың тілегіне сай республика басшылығының барынша қозғау салуының арқасында қазақтың ержүрек қызына КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылдың 1 наурыздағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Егер халық талап етпесе, Мәншүк апамыздың ғажайып ерлігі дәл осындай лайықты бағаланбас еді.

– Соғыс пен бейбітшілік адамзат жаратылғаннан бергі замандардағы ең өзекті тақырып қой. Қалай ойлайсыз, бүгінгі ұрпақ бейбіт заманның қадіріне жетіп жүр ме?

– Мен «соғыс пен бейбітшілік» тақырыбына «Отан қорғау» деген киелі ұғымды да қосар едім. Соғыстың бетін ары қылсын, ал бейбіт өмірдің қадіріне жете білуіміз керек. Бейбітшілікті пайдаланып, жастарымыз ғылым, білімнің және әскери өнердің, әскери мамандықтың қыр-сырына үңіліп, керек десеңіз, шыңына шығуы керек. Өйткені ерлік, батырлық олардың тегінде, қанында, генінде және ұлттық болмысында бар. Бұл – ешқашан өшпейтін, жоғалмайтын қасиет. Сондықтан мен еліміздің де, жастарымыздың да болашағына нық сенемін.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

17 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

«НАУРЫЗҒА» ЕЛ РИЗА МА?

Елдос СЕНБАЙ

Бұл жиын 2024 жылғы 15 наурызда өткендіктен, жаңа тұрғын үй бағдарламасына «Наурыз» деген атау берілді.

Жалпы, жеңілдетілген жаңа ипотеканың енгізілуінің және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуының өзге салаларға мультипликативті әсері мол. Біріншіден, соның арқасында жетімбұрыш жағалап жүрген, тұрғын үй кезегінде жылдап тұрған отбасылар баспаналы болып, бақыт құшағына бөленеді. Екіншіден, елде құрылыс қарқынын арттырады. Бұл – экономика өркендеп, ЖІӨ өсуіне серпін беріледі деген сөз. Себебі құрылыс – Қазақстан экономикасының базалық 6 саласының бірі.

Үшіншіден, құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Бірақ кез келген алып құрылыс күндердің күнінде аяқталады. Олар екі қолға бір күрек таба алмаса, жұмыссыздар армиясының қатарын қалың етпек. Ендеше оларға және өзгелерге жаңа жұмыс орындары ашылады.

Айта кету керек, «Отау» және «Наурыз» атты қос бағдарламаның операторы болып, Отбасы банк бекітілді. «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы саналатын осы мемлекеттік банктің консультанттары «Наурыз» бағдарламасының шарттарын түсіндірді.

Ең алдымен, олардың айтуынша, халықтың әлеуметтік осал топтары санаты бойынша баспана кезегінде тұрған азаматтар үшін ипотеканың сыйақы ставкасы – 7% (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 7,3%-дан 8,9% дейін). Осылайша, бірінші кезекте, бағдарлама әлеуметтік аз қамтылған топтарға бағытталған. Бірақ үй кезегінде тұрған басқа санаттар да қатыса алады. Тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұрған азаматтар, қандастар мен Қазақстанның өзге де азаматтары үшін ипотека 9%-бен (ЖТСМ 9,3%-дан 11,8%-ға дейін) беріледі.

Тағы бір басты шарт: өтініш иесінің Отбасы банкінде салымы болуы және онда кем дегенде 1 млн теңге сақталуы керек. Оны бір күнде енгізуге, не осы банкте депозит ашып, жинақтауға да болады.

«Жинақтау мерзімі ескерілмейді, ол үшін балл берілмейді. Бағдарламаға қатысуға өтініш берген сәтте депозитте кемінде 1 млн теңге болуға тиіс. Жинақтау сомасы бұдан төмен депозиттер бағдарламаға қатыстырылмайды. Бұл соманы дәл бағдарламаға қатысуға өтініш берер алдында аударуға да болады», – деді банк қызметкерлері.

тұрғын үй бағдарламаларына қатысуға қосымша өтініш қабылдау кеше, 16 қыркүйекте басталып, 25 қыркүйекті қоса алғанға дейін жалғасады. Қатысуға өтінімді «Баспана маркет» порталында (otbasybank.kz) беруге болады. Жалпы саны қанша жаңа өтінімді қабылдайтынын банк кешірек хабарлайды.

ХАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ИГІЛІГІН КӨРУГЕ АСЫҚ

Бұл бағдарламалардың халық арасында танымал екенін мына жайттан білуге болады: осының алдында, биылғы шілдеде бірден 40 мыңға жуық қазақстандық (38 841) өтінім берді. Салдарынан, өтініштердің ғаламат тасқынын еңсере алмай қалып, мемлекеттік банктің «Баспана маркет» порталы аз уақытқа істен шығыпты.

тұрады. Соңғы жаңалық сол, қос ипотеканың операторы «Отауға» өзгерістер енгізіп, оның шарттарын «Наурыздікіне» теңестіруге ұйғарды. Сонда не өзгереді?

Біріншіден, «Наурыздағы» сияқты, «Отаудың» халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы үй кезегінде тұрған азаматтар үшін пайыздық ставкасы 9%-дан 7%-ға (ЖТСМ 7,3–8,4% дейін) түсірілді. Екіншіден, депозитті ұзақ жинақтамай, дәл өтінім беру алдында ашуға рұқсат етілді. Бұрын бірдей жүйесі енгізіледі: салым көлемі үшін – әрбір 1 мың теңгеге 1 балл. Клиентте некесі ресми тіркелген отбасы бар болса – 5 балл. Өзімен бірге тұратын балалары болса – 10 балл (балалардың саны, көптігі не аздығы рөл ойнамайды). Әлеуметтік аз қамтылған статусы болса – 10 балл. Отағасы мен отанасы 35 жасқа толмаған жастар болса – 5 балл қосылады.

Осы арқылы бұл мемлекеттік бағдарламалар некені ресми тіркеуге және тездетіп бірінші баланы дүниеге әкелуге ынталандырады.

Есесіне бұл ипотекамен арзан, мол несие алуға болады: заемның ең жоғары сомасы (жөндеу жұмыстарын қоса есептегенде): Астана, Алматы қалалары үшін 36 млн теңгеге дейін. Қалған өңірлер үшін 30 млн теңгеге дейін. Тиісінше, таңдауға болатын баспана «ассортименті» артады.

«Наурыз» бойынша алғашқы жарна: заем сомасының 20%-ынан басталады. Мысалы, баспана 30 миллион тұрса, 6 миллион теңге бастапқы жарна енгізу талап етілмек.

Несиелеу мерзімі – 19 жылға дейін. Қарыздың нысаналы мақсаты – тұрғын үй сатып алу, бір банктік қарыз шарты шеңберінде тұрғын үй сатып алу және бастапқы тұрғын үйді жөндеу. Бағдарламаның өзге шарттарының егжей-тегжейін банктен білген жөн.

Айтпақшы, «Отау», «Наурыз» бағдарламалары бойынша дәл қазір қосымша өтініш қабылданып жатыр. Бірінші қабылдау биылғы шілдеде жүзеге асырылған. Отбасы банктің

«Ақпаратты өңдеудің үлкен көлеміне – шамамен 40 мың өтінімнің берілуіне байланысты техникалық ақаулар болды. Оны банк мамандары тез арада жойды. 15 минут ішінде ақпарат жаңартылып, түзетілді. Қазір банк клиенттерінің жеке кабинеттерінде «Наурыз» бағдарламасына қатысу мәртебесі туралы мәліметтер дұрыс көрсетілген», – деп түсініктеме берді банк.

Отбасы банк мамандары ұпайлар автоматты түрде есептелетініне және «Наурыз» бағдарламасына қатысушылардың «тізімге өтті» және «тізімге өтпеді» деген мәртебесі банк қызметкерлерінің қатысуынсыз берілетініне сендіреді. Бағдарламаны іске асырудың барынша ашықтығы үшін қатысушылар тізімі – аты-жөні банктің сайтында ашық орналастырылған. Әрбір адам өтінімдерді іріктеу және балдарды есептеу нәтижелерімен сонда таныса алады.

Жоғарыда бағдарламалардың жай-жапсарын банктің өзінде нақтылау керектігі айтылды. Себебі олар өзгеріп «Отау» бойынша депозит кем дегенде 18 ай бұрын ашылуға тиіс болатын. Енді салымды жинақтау мерзіміне шарттар қойылмайды.

Үшіншіден, несиенің ең жоғарғы шегі ұлғайтылды: Астана, Алматы қалаларында – 36 миллион теңгеге дейін, басқа өңірлерде – 30 миллион теңгеге дейін тұратын баспананы арзандатылған осы ипотекалармен алуға болады. Соның нәтижесінде, эконом-класпен шектелмей, комфорт және одан жоғарылау сыныптағы баспананы алуға мүмкіндік берілмек. Бұған дейін ең жоғарғы шегі қос бас мегаполис үшін – 30 миллион, өзге өңірлер үшін – 18 миллион теңгемен ғана шектелетін-тін.

Төртіншіден, Алматы және Астана қалаларында тұрғын үй сатып алу орны бойынша тіркелу талабы жойылды. Кез келген клиент олардан баспана ала алады.

Бесіншіден, «Наурыз» бағдарламасы негізінде екі бағдарлама бойынша да балл-ұпайларды есептеудің бірыңғай,

ЖЕТІЛДІРЕТІН ТҰСЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Отбасы банк қос ипотека бойынша берілетін ипотекалардың саны ұқсас, бір-біріне жақын болып келетінін жеткізді. Демек, танымалдылығы жөнінен деңгейлес.

– Бүгінде 1 900-ден астам отбасы «Наурыз» бағдарламасымен қоныс тойын атап өтті. Ал «Отау» бағдарламасы бойынша 1 734 адам несие алды. Тағы 5 мыңға жуық адамның несие туралы өтініші мақұлданды және олар енді сатып алуға бағасы қолайлы баспана іздеуде. «Баспана маркет» порталында олардың барлығына таңдау үшін 560 тұрғын үй кешені ұсынылған. Олардағы 9 183 пәтердің кез келгенін брондай алады, – деп мәлім етті банк қызметкерлері.

Отбасы банкінің түсіндіруінше, биыл іске қосылған жаңа «Отау» және «Наурыз» бағдарламаларына қатысу үшін қойылатын басты талап: үміткердің және оның отбасы мүшелерінің, яғни жұбайының және кәмелетке толмаған балаларының атында кейінгі 5 жыл бойы төл баспанасы болмауы тиіс. Кейбір клиенттер мұны нақтылап, жұмсарту керек деп санайды.

«Отбасы банкінің ипотекалық бағдарламасына қатысуға өтініш бергенмін. Оның жүйесі өтінішімді мақұлдаудан бас тартты. Барлық құжатым дұрыс болатын. Не болып қалды деп тексерсем, басқа өңірде жылжымайтын мүлкіңіз бар екені анықталды дейді. Жамбыл облысының қиындағы ауылындағы үйдің төрттен бір бөлігі көлеміндегі үлес меншігімде тұр. Ол үй әжемнен мұраға қалды, 90-шы жылдары жекешелендірдік. Тұрғындары көшіп кетіп, ауыл қаңырап бос қалған. Баспананы ешкімге сату немесе әкімдікке сыйға табыстау мүмкін емес. Қалай құтыламын? Тіпті, басқа мирасқорларға үлесімді берсем де, енді банк талабы бойынша 5 жыл баспана ала алмаймын», – дейді Ләззат Омарбекова.

Ол екі баласымен ұзақ жыл Алматы шетінде баспана жалдап тұрады.

– Менің пікірімше, Отбасы банк бәріне бірдей формальды, негізсіз талап қояды. Барлық дерлік талапқа сәйкес келіп тұрмын, үй кезегіндемін, әлеуметтік осал санат есебіндемін. Шалғайдағы қаңырап қалған ауылдың үйіндегі үлесті бұлар «баспаналы болуыма кедергі» санайды. Бұл банк басты орынға ақшаны қояды. Депозитке салған әрбір мың теңгеге 1 балл, ал балаға – он-ақ балл береді екен. Салдарынан, баспанаға шын мұқтаж адамдар баспана ала алмайды, – деп пікір білдірді Ләззат.

Отбасы банктің клиенті Александр Даутов онда салым ашып, екі жылдан артық ақша жинағанын айтады. Депозит ашқан кездегі талап бойынша онда баспананың 50%-ына тең ақша жинаса, бағалау көрсеткіші 4.0 болатыны көрсетілген екен. Енді банк жаңа қағида қабылдап, кредит беру үшін 5.0 бағалау көрсеткішін талап етіп отырған көрінеді. Салдарынан, ол ұзақ күткен баспанасын сатып алуға Отбасы банкінен несие ала алмай қалған. Жалпы, бұл банк клиенттердің миллиардтаған қаражатын айналдырып, табыс тауып, соңынан несие беруден бас тартатынына көп шағым айтылып жүр. Бұл мәселені Парламент депутаттары да көтерді.

Бәлкім, банк басшылығы азаматтардың шешімін таппай қордаланған осы және басқа арыз-шағымдарын ескеріп, шара қабылдап, талаптарын жұмсартар?

«Отау» және «Наурыз» бағдарламалары бойынша да салымшылардың «төлем қабілетті» болуы туралы қатаң талап қойылады. Яғни, айлық табысы несиені өтеуге жетпейді деп танылса, қанша жыл үй кезегінде тұрса да, банк тарапынан ипотекаға өтініші мақұлданбайды.

Соған қарамастан, халық тарапынан сұраныс жоғары. Өтініштерді қанағаттандырып, баспана алуға арзан несие беру үшін Отбасы банк биыл өз облигацияларын шығару және орналастыру арқылы биржадан 300 миллиард теңге тартпақ. Соның аясында 2024 жылдың 24 шілдесінде KASE-де банктің әлеуметтік облигацияларының екі шығарылымын орналастыру бойынша сауда-саттық өтті, нәтижесінде несиелендіруге 170,5 миллиард теңге қаражат тартылды. Осы арқылы одан әрі дамуға мүмкіндік алған «Наурыз», «Отау» жаңа тұрғын үй бағдарламалары отбасылардың өмірін гүлдендіруге, аудан-қалаларды абаттандыруға, халықтың болашағын нұрландыруға өз үлесін қосады.

> **Несиелеу мерзімі – 19 жылға дейін. Қарыздың нысаналы мақсаты – тұрғын үй сатып алу, бір банктік қарыз шарты шеңберінде тұрғын үй сатып алу және бастапқы тұрғын үйді жөндеу. Бағдарламаның өзге шарттарының егжей-тегжейін банктен білген жөн.**

БАЙҚОҢЫР БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

Жалдық сипаттағы Байқоңыр қаласында басы ашық мәселе аз емес. Коммуналдық төлемге қатысты түйткілдер, денсаулық, білім саласына байланысты шешімін күткен мәселелермен қатар, жалға алушы мемлекеттің меншігіндегі әлеуметтік және стратегиялық маңызы бар ғимараттарды елге қайтару жайы әлі де өзектілігін жоймай тұр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Бір кездері жабық қалашықтың дәурені дүркіреп тұрды. Еліміздің өзге өңірлерінде кездесе бермейтін киім-кешек, тұрмыстық бұйымдар мен азық-түліктер осы өңірден табылатын. Көпшілік қаладағы туыстарын жағалап, сапалы тауарларды алуға тырысатын. Бұл – 90-шы жылдар шамасындағы ахуал.

Уақыт өте келе замана заңы өзгерді. Жер кіндігі саналған аймақтың кілті өз қолымызға тиеді деген ұрандар айтыла бастады. Жалға берілген қалашықтағы кейбір нысандар кезең-кезеңімен өзімізге қайтарылатыны тілге тиек болды.

Мәліметке сәйкес, осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын, яғни 2012 жылдар шамасында, екі ел арасында ғарышты игеруде бірқатар келіспеушілік болып отырғаны сөз болған еді. Соған орай Байқоңырды Ресейге жалға беру мәселесін 2013 жылдың аяғына дейін қайта қарау, ғарыш аймағындағы нысандарды біртіндеп Ресей меншігінен шығарып, екі ел бірлесе пайдалануға көшпек деген де пікірлер айтылып қалып жатты. Бұл жайында сол кездегі «Роскосмос» төрағасының орынбасары Сергей Савельев те растаған болатын.

Уақыт өте келе, сол кездері Ресей тарапы Қазақстанның шарттарын қабыл алғаны мәлім болды. Соған сәйкес, Ресей ғарышты қалашықтағы меншіктелген объектілердің біразын өзімізге қайтара отырып, бірлесе пайдалануға уағдаластық жүргізіліп жатқаны жарияланды. Соның негізінде жалға алу меншігінен шығарылған нысандар екі ел тарапынан бірлесе пайдаланылып қана қоймай, қазақ мамандарды оқытуға мүмкіндік жасау, Ресей мамандарымен бірлесіп, ғарыш кешенін жасақтауға атсалысу да көзделген. Тағы бір айта кететіні, Ресей тарапынан Байқоңырдан ұшырылатын протондарды кезең-кезеңімен азайтып, 2020 жылға қарай мүлде тоқтатылу мүмкіндігі де сөз болғаны ел есінде.

Хош, сонымен арада 10 жылдан астам уақыт артта қалды. Жағдайдың қалай өзгергені елдің көз алдында өтті. Қазіргі протон зымыран тасығышының жайы көпке мәлім. Ал жалға беру меншігінен шығарылып, бүгінде елге қайтарылып жатқан нысандардың жағдайы қалай?

Қазір де жабық режимдегі Байқоңыр қаласындағы нысандарды жалға беру меншігінен шығару мәселесі үлкен маңызға ие. Бұл тұрғыда кешеннің арнаулы өкілдігінің мәліметіне сәйкес, «Байқоңыр» кешенінің мүлкін ұтымды пайдалану және жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында Қызылорда облысы әкімдігімен жүйелі жұмыстар жүріліп жатса керек. Осы кезге дейін бірқатар нысан өз меншігімізге қайтарылған. Жалдан шығарылған объектілерді ел игілігіне пайдалану жолдары да сәтті жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеп отыр.

«Атап айтқанда, 2021 жылы «Байқоңыр» кешенінің туристік әлеуетін дамыту мақсатында «Россия» қонақүйінің бұрынғы ғимараты жалдан шығарылды. Қазақстандық инвестор нысанға реконструкциялау және жаңа қонақүй кешенін ашу бойынша жұмыс жүргізді. Оған құйылған инвестиция көлемі 2 млрд теңгеден астам қаржыны құрады. Бүгінде 114 нөмірден тұратын заманауи қонақүй жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек, қалада қазақстандық мектепке дейінгі ұйымдардың санын ұлғайту жайы назардан тыс емес. Осы мақсатта 2023 жылдың желтоқсанында Байқоңыр қаласы әкімшілігінен жалдан шығарылған нысандар бойынша облыстық Білім басқармасымен қазақстандық білім беру стандарттары бойынша екі балабақша ашылды. Осы арқылы балабақшаларға кезекке тұру жүктемесін екі есеге (460-тан 233-ке) төмендетуге мүмкіндік артты», – деп түсіндірді бұл жайында өкілдіктің бас инспекторы Данияр Тәжімбет.

Осындай жұмыстардың жарасымды жалғасы ретінде биылғы шілде айында облыстың коммуналдық меншігіне Байқоңыр қаласы әкімшілігінен тағы бір нысан қабылданыпты. Өкілдіктің мәлімдеуінше, жалдан шығарылған ғимараттан қараша айына дейін кезекті қазақстандық мектепке дейінгі мекеменің ашылуы жоспарланып отыр.

Соныман қатар ғарышты қалашықтан жаңа әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар ашу көзделуде. Осындай кәсіпкерлікті дамыту жоспары аясында қала аумағында орналасқан 9 нысанды облыстық коммуналдық меншікке қабылдау, оны мүдделі инвесторларға беру бойынша жұмыс жүріліп жатқанын да алға тартты. Соның негізінде 300-ге жуық жұмыс орнын ашу жоспарлануда екен.

Кәсіпкерлік демекші, жалдық сипаттағы Байқоңыр қаласында кәсіпкерлік саласына қатысты түйткілдер көп жылдан бері қордаланып жатыр. Жергілікті жұртшылық кәсіп жасауға ниетті жандарға кесе-көлденең кездесетін кедергі көп екенін тілге тиек етеді. Ең бастысы, Байқоңыр қаласында Ресей заңнамасына сәйкес салық төлеу міндеттелген. Ал бұл біздің елдің валюта бағамына шыққанда өте қымбатқа түседі. Сондықтан көп кәсіпкер қала ішінен кәсіпкерлік нысан ашуға құлықты емесін айтып ашынады. Соның салдарынан жабық қалашық қымбатшылық құрсауында қалып тұр.

«Байқоңырда бірқатар нысанның өзімізге қайтарылып жатқаны рас. Алайда жалдан шығарылған кейбір объектілерді әлі де өз деңгейінде пайдалана алмай отырғанымыз жасырын емес. Бұған дейін бір зауыт жалдан шығарылып, өзімізге қайтарылды. Жергілікті бір кәсіпкер аталмыш нысаннан әскери формалар тігетін зауыт ашуға құлықты болды. Бірақ салық төлеміне қатысты кедергілерге байланысты кәсібін ашу тиімсіз болып тұрғанын айтады. Негізінен, мұндай кедергі көптеген кәсіпкердің өз кәсібін жүргізуіне қолбайлау болып тұр. Себебі елімізден кіргізілген тауар жабық қалашықта шетелдік өнім болып табылады. Соған орай оған қойылатын салық көлемі айтарлықтай қымбатқа түседі. Осы келенсіздікті құзырлы орындарға талай мәрте айтқанымызбен шешімін табар емес», – деп ашынады қала тұрғыны Кеңшілік Күзембаев.

Тұрғылықты халықтың уәжіне құлақ түрсек, коммуналдық төлемге қатысты мәселелер де тізбектеліп шыға келеді. Ең қиыны, халық жарық пен жылуға төленетін төлемақы Байқоңыр қаласында елімізде бекітілген тарифке қарағанда бірнеше есеге қымбатқа түсіп тұрғанын айтып, мұңын шақты. Соған орай Байқоңыр қаласында коммуналдық төлемдер қазақстандық тариф негізінде бекітілсе деген талап-тілегін жеткізіп отыр.

Қорыта айтқанда, кезең-кезеңімен жалдан шығарылған нысандардың ел игілігіне пайдалануға беріле бастағанын жергілікті жұртшылық жылы қабылдап отыр. Алайда қымбатшылық қамытын киген жабық қалашықтағы кейбір мәселелер әлі де шешімін күтіп тұрғаны аңғарылады.

МӘМС МӘЗ ҚЫЛМАЙ ТҰР

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдың 1 қаңтарында іске қосылды. Содан бері бірнеше жыл бойына халықтың жұмыс істейтін бөлігінен МӘМС қоры үшін қаржы ұсталып келеді. Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында аталған жүйені сынға алды.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

– Наукастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды. Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс. Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек. Жаңа жүйе, меншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бәріне толық бақылау жасалуын және мәліметтердің шынайы болуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет осы маңызды мәселені шешуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы жұмыстың барысы жөнінде маған және депутаттық корпусқа есеп беріп отыруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Басымыз ауырып балтырымыз сыздаса, бәрімізде дәрігердің алдына барамыз ғой. Айта берсек, жауыр қылғандай боламыз, десек те осы бір медицина саласындағы қызмет көрсету сапасы бір көтерілмей қойды. Жолдауда Президент сынға алғасын бір қуанып қалдық. Серпіліс болар деген жақсы үмітіміз де бар еді. Өкінішке қарай, елдегі МӘМС жүйесін Президент бірінші рет сынап отырған жоқ. Бұған дейін ақпан айының басында өткен Үкімет отырысында да Президент дәл осылай МӘМС жүйесін сынады.

«Бастама іске қосылған 5 жылдың ішінде медициналық қызметтің сапасы артты деуге келмейді. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев

МӘМС жүйесін іске қосқандағы мақсат та сол бюджетке салмақ салмау болатын. Бірақ, өкінішке қарай, іс жүзінде әлі бюджетке салмақ түсіп келеді. Сонда халықтың МӘМС қорына аударған ақшасы қайда кетіп жатыр?

Сөз реті келгенде айта кетейік, Батыс Қазақстан облысында бар болғаны 697 мың адам ғана бар. Халық саны облысты түгел қосқанда миллионға жетпейді. Ал МӘМС қорына 2023 жылы 78 млрд 91 млн теңге қаржы түскен. Биылғы жоспар бойынша бұл қаржы 83 млрд 890 млн теңгеге жетуі керек. Осынша қаржыны салып отырып дұрыс медициналық қызмет ала алмаған халық қапаланбағанда кім қапалансын?! Бұдан бөлек, бюджеттен түсетін қаржы тағы бар дегендей.

– Қор жұмысына сын көп. Иә, кеше Президент те сынап жатыр. Негізінен, біздің мақсатымыз – қаржы бөлу. Біз медициналық қызметті ұйымдастыра алмаймыз. Ал негізгі сын сол медициналық қызметтің қолжетімсіздігінен келіп туындайды. Мәселен, БҚО-да бізге биыл 556 арыз-шағым келіп түсті. Арыз-шағымдардың дені негізінен сол емханаларда дұрыс қызмет ала алмағандардан түсіп отыр. Дәрігердің этика сақтамауы, уақытында дәрігерге кіре алмай, қажетті ем-шараларды ала алмағандар бізге арыз жазады. Біз барлық арызды тіркейміз. Биыл медициналық ұйымдардан 72 350 ақау таптық. Біз мұндай кезде бөлінетін қаржыны азайтып, экономикалық шара қолданамыз, – деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының БҚОФ директоры Байтолла Ғазезов.

Қордан бөлінетін ақшаға негізінен диагностикалық және лабораториялық зерттеулер жүргізіледі. Бұдан бөлек, кардиохирургиялық оталар, нейрохирургиялық оталар мен ЭКО сынды қымбат медиицналық қызметтерге де қордан қаржы бөлінеді. Емханаларда КТА, МРТ аппаратарына түсу үшін жолдамалар беріліп келеді. Бір әттегенайы – мұның бәрі мемлекеттік сатып алулар арқылы жүзеге асады. Сондықтан да барлық медициналық ұйым қатыса алатыны бар. «Жеке ұйымдардың қалтасын толтырдындар» деп жоғарыда Президенттің сынап отырғаны да осы.

Бір ғана БҚО-да биыл мемлекеттік сатып алулар арқылы қордан ақша алу үшін 56 медициналық ұйым келісімшартқа отырған. Олардың ішінде 37 мекеме мемлекеттік медициналық ұйым болса, қалған 19-ы – жеке. Бұл ұйымдарға жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 22 млрд теңгеден астам қаржы төленіп қойған.

– Жекеменшік медициналық ұйымдар стационарлық көмектер, медициналық оңалту жұмыстарын жүргізеді. Лабораториялық диагностика жүргізетін ұйымдар да бар, – деді өз сөзінде қор директоры Байтолла Зәкарияұлы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Батыс Қазақстан облысындағы департаменті денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген. Талдау қорытындысы бойынша, денсаулық сақтау саласында 9 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған. Бұл жерде МӘМС жүйесі де бар.

– Денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша МӘМС ақшалай қаражатының тиімсіз жұмсалуы, еңбекақы төлеу қорының асып кетуі, сертификатталмаған медициналық техниканы сатып алу, медициналық бұйымдардың құнын асыра бағалау, тауарды нақты жеткізбей ақшалай қаражатты аудару, аккредиттелмеген ұйымдардың медициналық жабдыққа қызмет көрсетуі анықталды. Анықталған тәуекелдерді талдау медициналық көмек пен дамуға арналған бюджет қаражатының тиімсіз бөлінуін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдеріндегі бұзушылықтарды көрсетеді. Бұл медициналық көмектің сапасына, проблемаларды уақытылы шешуге және ауыр ауруларды ерте диагностикалаудың қолжетімділігіне тікелей әсер етеді, – деп атап өтті департаменттің баспасөз қызметі.

Президент «Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек» деп тапсырма берді. Егер осы бірыңғай ақпарат жүйесі қосылса, мүмкін дәрігердің де хат жазудан қолы босап, науқасты тыңдауға, қарауға уақыты табылар. Ал ол жүйе іске қосылғанша МӘМС қорына қаражат миллиардтап түссе де, медициналық қызметтің сапасы артпайтын секілді.

«Әлімтау» КС-1 вахталық кентінің алаңында жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу» ЖЖ әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС ««Әлімтау» КС-1 вахталық кентінің алаңында жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу» ЖЖ әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 «Алимтау»»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 «Алимтау»» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Автокөлік құралдарын кешенді химиялық тазалау және автожуу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Автокөлік құралдарын кешенді химиялық тазалау және автожуу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуги «Комплексная автомойка и химчистка транспортных средств»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуги «Комплексная автомойка и химчистка транспортных средств» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

ӨНЕРДІҢ ОТЫН ӨШІРМЕЙ

Қолымызға қалам алып жазғалы отырған кейіпкеріміз Төлеуғазы Дүйсенбеков Теміртау қаласында тұрады. Ол кісімен Қарағандыда өткен «Ортеке» фестивалінде таныстық. Өзі декоративтік қолданбалы қолөнер шебері екен.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген ол бала жасынан ағаштан ою-өрнек жасауды әдетке айналдырған. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ағаштан ойып жасаған дүниесіне ауыл тұрғындары таңдай қаққан-ды. Осылайша, мектептегі «Жас техник», «Натуралист» секілді үйірмелерге қатысып, көңіл түкпіріндегі ой-қиялын, әдемі бейнелерін жарыққа шығарып, ішкі түйсігі мен жан қалауын ұштастырып, тамаша бір өнер туындысын өмірге әкелетін. Қолданбалы қолөнер шебері атанғанға дейін бірнеше жыл оқыды, тоқыды.

– Алматыға арнайы барып, атақты қолөнер практигі мен теоретигі, кезінде елімізде теңдесі жоқ «Шеберлер ауылын» құрған Қалқаман Тілеухановтың шәкірті болдым, – дейді Төлеуғазы Серікбайұлы.

Ұстазымен бірге қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровке музейлік статусы бар заттар жасаған. Қалқаман Тілеухановтың жанында 15 жылдай жүргенін мақтанышпен айтады.

– Бастапқы кезде Қалқаман аға мені жолатпады. Тексеріп алайын дегені ғой, даладағы бөлмеде тұрдым. Ауылдағылар, «Ойбай, анау Төлеуғазы малай болып кетіпті» деген де сөз шығарды. Сонда да қайтпадым. Кейін ол кісімен бірге Астанаға да бардым. Бала-шағам Теміртауда, мен Алматыда, сөйтіп жүрген күндерім де өтті, – дейді ұста.

Төлеуғазы қазір «Қармет» зауытында ағаш шебері болып жұмыс істейді. Қолы қалт етсе болды, үйінің ауласындағы ұстаханадан табылады. Шебер өз жұмысы барысында металдан нақыштама жасайды, бал қарағай ағашы мен қызыл ағашты, тасты, сүйекті, мүйізді өңдеп, көркемдейді. Былғарымен қаптайды. Ауылдан арнайылап әкелген тастарды да ұсталықта пайдаланады. Шебер Қарағанды мен Теміртау қалаларында өтетін көрмелерге де жиі қатысады. Осы еңбегін бағалаған «Қармет» басшылығы оған автокөлік те сыйлапты.

Шебердің үлкен туындысы «Хан тағы» деп аталады. Оның фрагменттерін күмістен, сүйектен жасаған. Сонымен қатар өзінің туған ауылындағы мешіттің айшықты өрнектері де Төлеуғазы шебердің қолынан шыққан.

Төлеуғазы Серікбайұлы қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын да жасайды. Ұстаханасында домбырадан бастап тайтұяқ, қобыз секілді басқа да музыкалық аспаптар тұр.

– Менің жасайтын дүниелерімнің алғашқы сұлбасы әуелі қиялымда пайда болады, он ойланып, жүз толғанып дегендей, үнемі ізденіс үстінде жүріп, әбден пісіп-жетілгенде ғана жасауға кірісемін. Әрине, ол үшін қиялымдағы дүниенің жалпы сұлбасы қандай болатынын, оның дәуірмен үйлесімділігін ұмыт қалдырмаймын. Сонымен қатар тарихи кітаптарды оқып, өз таным-көкжиегімді кеңейтемін, ең бастысы, менің жаным сұлулыққа, әдемілікке құмар. Сондықтан қолымнан шыққан заттар талғамы жоғары жұртшылықтың жүрегін жаулап алғанын қалаймын. «Абай жолына» бірнеше рет оралдым. Сол уақытта кітаптардан таптым. Сөйтіп, Хан тағы, Сұлтандар отыратын орындық дүниеге келді, – дейді шебер.

Ұлттық өнерге ерекше ден қойған ол жұртшылықты өзінің шығармашылығымен таныстырып, ұмыт болып бара жатқан ұлттық нақыштағы өнер туындыларымен қауыштырудан жалықпайды.

– Қаладағы өтетін фестиваль, басқа да мәдени кештерге арнайы қатысамын. Ел ішіндегі өнерлі азаматтарды дәріптеп, қолдау көрсетуге дайынмын. Бірақ қазіргі жастардың ұлттық қолөнерге зауқы соқпайды. Ауылдан келген бір шәкірт балам бар, құлшынысы жақсы. «Келесі жазда келемін» деп кетті. Жазғы демалыста қолымнан келгенді үйретемін, – дейді қолөнерші.

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайында Төлеуғазының қолданбалы өнерге арналған жеке көрмесі де өтті.

– Мен мұндай дүниелерді жасағанда ата-бабаларымыздың бойындағы арда қасиеттер мен бауырмалдықты, адамгершілік пен даналықты, тұрмыс-тіршіліктегі ұлттық нақыштарды қоса өрнектеймін, әрбір зат сырт көзге қарапайым болып көрінгенімен, егер көз тоқтатып қарайтын болса, онда ұлттың ұлағаты мен парасаты, тіршілігінің тынысы жатқанын аңғару қиын емес, – дейді Төлеуғазы Дүйсенбеков.

Ел ішіндегі осындай талантты шеберлердің шәкірттері де көп болса, қолөнердің отын өшірмей, келер ұрпаққа қаншама мұра қалдырар едік.



ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ЖАҚЫННАН ТАНЫ

Елімізде тұңғыш рет WILD-LIFE.KZ деп аталатын жаңа сайттың тұсауы кесілді. Сайт «Қазақстанның тұмса табиғаты» деген атпен интернеттегі ашық көздер желісіне орналастырылды.

Бердібек ҚАБАЙ

Таныстырылым барысында сайт фототілшілерінің объективіне ілінген ерекше кадрлардың фотокөрмесі жиналғандарды таң-тамаша етті.

Сайт ғылымға деген қызығушылықты арттырып, Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтаудың маңызы мен тұмса табиғатқа жұртшылық назарын аударуды мақсат еткен. Жоба Қазақстанның Зоология институты мен National Geographic Qazaqstan журналының қолдауымен жүзеге асырылған.

Жоба авторларының бірі, National Geographic Qazaqstan журналының редакторы Айбын Шағалақтың айтуынша, жаңа сайт интернет пайдаланушыларға Қазақстанның жан-жануарлар дүниесін жақынырақ таныстыруды, аңдар мен құстардың бірегей фотоларын нақты танып білуге мүмкіндік бермек.

«Қазақстанның тұмса табиғаты» деген атауға ие болған сайтымызды үнемі жетілдіріп отыратын боламыз. Бұл сайт Қазақстанның барлық аң-құсы, жан-жануар, жәндіктеріне дейін түгел қамтылатын кешенді платформа болады. Оқушылар, студенттер, табиғатқа, зоологияға қызығатын кез келген адам үшін қолжетімді. Кез келген ақпарат үш тілде жарияланатын болады. Сайтта әрбір тіршілік иесінің өзіне арналған жеке парақша болады. Ол жерде бірнеше портреттік немесе табиғат аясындағы суреттерінен бөлек энциклопедиялық ақпараттарды да салып отырамыз. Сайт жұмысын қолға алған шақтан бастап 2 ай бойы біздің фототілшілер еліміздің бірнеше өңіріне фотоэкспедиция жасады. Оның ішінде Қарағанды мен Алматыда орналасқан еліміздегі ең үлкен хайуанаттар бағына бардық. Сол жердегі сирек кездесетін аңдарды студиялық деңгейде фотоға түсіру жұмыстары жүргізілді. Одан кейін Қорғалжын қорығындағы құс базасына, Алакөл, Зайсан, Іле, Балқаш, Алтынемел резерваттарына барып арнайы суреттер түсірдік. Қазірдің өзінде елімізде бар 150-ге тарта аң-құстың суретін өңдеп жатырмыз», – дейді Айбын Шағалақ.

Жалпы, сайттың атауы да кездейсоқ таңдалмаған көрінеді. Жоба авторлары «Тұмса» сөзі табиғатымыздағы тіршілікті дәлме-дәл сипаттайтынын айтып отыр.

National Geographic Qazaqstan журналының фотографы Ерболат Шадрахов табиғат аясында жүру бір қарағанда қызықты болып көрінгенімен, аса төзімділік пен шыдамдылықты талап ететінін айтады.

«Суретке түсіру үшін жануарларды табиғат аясында кездестіру өте қиын. Оның жолын аңду, інін бақылаудан бөлек оңтайлы сәтті қалт жібермеу аса маңызды. Тіпті, аң мен құстың мінезін де зерделеп кетеді екенсің. Қай жерге қонып, қай жерден ұшатынын зерттеу де бір үлкен жұмыс. Қолдан келгенше түрлі тәсілді жасап бақтық. Тіпті, бір түлкіні түсіреміз деп бір күн бойы саз үстінде етбеттеп жатқан кездеріміз де болды. Ал хайуанаттар бағының қызметкерлері аң мен құсты оқыстан үркіту қорық пен бақ үшін орны толмас шығын болуы да мүмкін екенін қатаң ескертті. Сол себепті бізге әр қимылды аса сақтықпен жасауға тура келді», – дейді фотограф Ерболат Шадрахов.

Ашылу салтанатында көпшілік назарына ұсынылған фотокөрме қалың көпшіліктің келіп көруіне ыңғайлы болуы үшін Астанадағы «Сарыарқа» ойын-сауық орталығының 2-қабатына қойылған.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қалЗасы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4497
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ